

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына, бюджет қаражаты есебінен оқу ақысын төлей отырып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына түсетін адамдармен келісімшарт жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 17 маусымда № 13796 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 10.07.2023 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына, бюджет қаражаты есебінен оқу ақысын төлей отырып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына түсетін адамдармен келісімшарт жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 10.07.2023 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмысы департаменті (А.Ү. Әбдіғалиев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат

орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары полиция генерал-лейтенанты М.Ғ. Демеуовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

полиция генерал-полковнигі

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2016 жылғы 13 мамырдағы  
№ 500 бұйрығына  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына, бюджет қаражаты есебінен оқу ақысын төлей отырып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына түсетін адамдармен келісімшарт жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату қағидалары**

**Ескерту. Қағиданың атауы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 10.07.2023 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына, бюджет қаражаты есебінен оқу ақысын төлей отырып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының жоғары білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім

беру ұйымдарына түсетін адамдармен келісімшарт жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ПМ) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен оқу ақысын төлей отырып, ПМ жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсетін адамдармен келісімшарт жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату тәртібін анықтайды.

## **2-тарау. Келісімшартты жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату тәртібі**

2. Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын ПМ білім беру ұйымдарына оқуға түсетін адамдармен Келісімшарт қабылдау комиссиясының ПМ білім беру ұйымдарына қабылдау туралы шешімі және ПМ білім беру ұйымы бастығының қабылдау туралы бұйрығы шыққаннан кейін жасалады.

Келісімшарт осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және оған курсант және ПМ білім беру ұйымының бастығы қол қояды. Келісімшарт екі данада қазақ немесе орыс тілінде ресімделеді, оның біреуі жеке ісіне тіркеледі, екіншісі курсантқа беріледі. Келісімшарттың әрқайсысының бірдей заңды күші бар.

3. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ПМ-нің білім беру ұйымдарына оқуға түсетін адамдармен Келісімшарт қабылдау комиссиясының ПМ білім беру ұйымының магистратурасына немесе PhD докторантурасына қабылдау туралы шешімі және ПМ білім беру ұйымы бастығының қабылдау туралы бұйрығы шыққаннан кейін жасалады.

Келісімшарт осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және оған ПМ білім беру ұйымының бастығы, магистратураға немесе PhD докторантураға қабылданған қызметкер және қызметкерді оқуға жіберген қызметті жетекшілік ететін Ішкі істер министрінің орынбасары, немесе аумақтық полиция органдарының, ПМ және оның ведомстволарының бағынысындағы мемлекеттік мекемелерінің (бұдан әрі – аумақтық ПО) басшылары қол қояды.

Келісімшарт үш данада қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады, оның біреуі жеке іске тіркеледі, екіншісі магистрантқа (докторантқа) беріледі, үшіншісі магистрантты (докторантты) оқуға жіберген ПМ, аумақтық ПО, білім беру ұйымына жолданады. Келісімшарттың әрқайсысының бірдей заңды күші бар.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 26.10.2020 № 736 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. ПМ-нің жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсетін адамдармен келісімшарт қабылдау комиссиясы шет мемлекеттің білім беру ұйымдарына оқуға жіберу туралы шешім шығарғаннан кейін және жеке ісін ПМ кадр қызметінде қалдыра отырып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің оқуға жіберу туралы бұйрығы шыққаннан кейін жасалады.

Келісімшартты осы Ереженің 3 және 4-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары мен курсант/қызметкер қол қояды. Келісімшарт қазақ немесе орыс тілдерінде екі данада жасалады, оның біреуі жеке іске тігіледі, ал екіншісі курсантқа/ қызметкерге беріледі. Келісімшарттардың әрқайсысының бірдей заңды күші бар.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 10.07.2023 № 558 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Жасы он сегізге толмаған адамдармен келісімшарт жасалған жағдайда, олардың ата-аналарының, бала асырап алушыларының немесе қамқоршыларының еркін нысандағы жазбаша келісімі қоса беріледі.

6. Курсант, магистрант, докторант ПМ-нің бір білім беру ұйымынан екінші білім беру ұйымына ауысқан жағдайда келісімшарт онымен қайта жасалады.

7. Келісімшарт тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

8. Келісімшарт:

1) әскери-дәрігерлік комиссия курсантты, магистрантты және докторантты денсаулық жағдайы бойынша қызметке жарамсыз немесе шекті түрде жарамды деп танылған; курсант/қызметкер қайтыс болған жағдайда;

2) өз еркі бойынша;

3) қызметкер ПМ білім беру ұйымын және оқу ақысын бюджет қаражаты есебінен төлей отырып, ПМ жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын аяқтаған соң 5 жыл ішінде құқық қорғау органдарында қызмет өткеруден бас тартқан;

4) қызметкер жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ПМ-нің білім беру ұйымдарын аяқтаған соң 3 жыл ішінде құқық қорғау органдарында қызмет өткеруден бас тартқан;

5) оқу үлгерімі нашар болған жағдайда;

6) "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабы 1-тармағының 5), 6), 8), 9), 11), 12), 12-1), 13), 14), 15), 16) және 17) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмыстан босатылған жағдайда;

7) ПМ білім беру ұйымның докторантурасын бітірген тұлғалар диссертацияны қорғауға шықпаған жағдайда мерзімінен бұрын бұзылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 10.07.2023 № 558 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Келісімшартты мерзімінен бұрын бұзған курсанттар арнайы есептен шығарылады және ПМ білім беру ұйымының кадр қызметі тұрғылықты жері бойынша әскери есепке қою және "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әскерге шақыру үшін әскери басқару органдарына жолдайды.

10. Өзіне тәуелді емес мән-жайларды қоспағанда, келісімшартты мерзімінен бұрын бұзған қызметкерлер мен курсанттар, егер ол міндеттемені тиісінше орындау үшін өзіне байланысты барлық шараларды қабылдағанын дәлелдесе, мемлекетке оқыту кезеңінде оқытуға, стипендия төлеуге, тамақтандыруға, заттай жабдықтылығына және каникулдық демалыс кезеңінде оқу орнына және кері жол жүру шығыстарына жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке қайтарады. Ұстауға жататын сома ПМ білім беру ұйымдарында болған әрбір толық айға барабар есептеледі.

Докторлық диссертацияны аяқтағаннан кейін 3 жыл өткен соң қорғамаған қызметкер, егер ол өзіне тәуелді барлық жағдайларды қабылдағанын дәлелдесе, өзіне тәуелді емес мән-жайларды қоспағанда оны оқытуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтейді.

Қызметтен босатылған қызметкерлерден бюджет қаражатын мемлекет пайдасына өтеуді аумақтық ПО жүзеге асырады.

ПМ білім беру ұйымдарынан оқудан шығарылған курсанттардан, магистранттардан және докторанттардан бюджет қаражатын мемлекет пайдасына өтеуді ПМ білім беру ұйымы жүзеге асырады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 10.07.2023 № 558 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Тараптар өздерінің келісімшартта көрсетілген міндеттемелерін толық аяқтағаннан кейін келісімшарт өз күшін тоқтатады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрлігінің білім беру ұйымдарына,  
оқу  
ақысын бюджет қаражаты есебінен  
төлей  
отырып, Қазақстан Республикасы Ішкі  
істер  
министрлігінің жолдамасы бойынша  
шет  
мемлекеттердің құқық қорғау  
органдарының  
жоғары білім беретін кәсіптік оқу  
бағдарламаларын іске асыратын білім  
беру

ұйымдарына түсетін адамдармен  
келісімшарт  
жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және  
тоқтату  
тәртібі туралы қағидаларға  
1-қосымша

НЫСАН

## КЕЛІСІМШАРТ

\_\_\_\_\_ к. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_ ж.

(ПМ білім беру ұйымының атауы)

\_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша  
орналасқан \_\_\_\_\_ (20\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі берген  
№ \_\_\_\_\_ сериясы \_\_\_\_\_ лицензия) Жарғының негізінде  
әрекет ететін бұдан әрі "ПМ-нің білім беру ұйымы" деп аталатын

\_\_\_\_\_ ,  
(лауазымы, арнаулы (әскери) атағы, тегі, аты,  
әкесінің аты (болған кезде))

бір тараптан және бұдан әрі "курсант" деп аталатын \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ мекенжайда тұратын

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

ПМ-нің білім беру ұйымына оқуға қабылданған адаммен төмендегілер  
туралы осы Келісімшартты жасасты.

### 1. Келісімшарттың мәні

1. ПМ-нің білім беру ұйымы Жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес курсантты оқытуды ұйымдастыру бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайды:

\_\_\_\_\_ (білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Оқыту мерзімі: \_\_\_\_\_ "

;

(білім беру ұйымындағы оқу кезеңі көрсетіледі)

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 26.10.2020 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2. Тараптардың құқықтары және міндеттері

### 2. ПМ-нің білім беру ұйымы:

- 1) заңнамада белгіленген тәртіппен осы келісімшартты өзгертуге және бұзуға;
- 2) курсантты көтермелеуге, оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тартуға;
- 3) курсанттан білім беру ұйымының мүлкіне келтірген зиянды өндіріп алуға;
- 4) осы Келісімшарттың 5-тармағының 10), 11) тармақшаларында көзделген жағдайларда курсантқа стипендия төлеуді, оқу кезеңінде тамақтануына, заттай жабдықтылығына және каникулдық демалыс кезеңінде оқу орнына және кері жол жүру шығыстарын қоса алғанда, оқытуға жұмсалған бюджеттік қаражатты қайтаруға;
- 5) курсантқа "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген каникулярлық демалыстар және демалыстардың басқа да түрлерін беруге;
- 6) қажет болған жағдайда, жазбаша өкім бойынша курсантты қызметтік міндеттерін белгіленген уақыттан тыс, сондай-ақ түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері атқаруға тартуға;
- 7) курсантты үш айдан аспайтын мерзімге заңнама белгіленген жағдайларда республиканың өзге өңірлерінде қоғамдық тәртіпті сақтауға немесе төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз етуге және төтенше жағдайлардың салдарларын жоюға қатысу үшін тартуға құқылы.

### 3. Білім беру ұйымы:

- 1) курсантты "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім алу шарттарымен қамтамасыз етуге;
- 2) 18 жасқа толмаған курсанттармен келісімшарт жасалған жағдайда ата-аналарының, асырап алушыларының немесе қамқоршыларының келісімін алуға;
- 3) курсантқа ай сайын стипендия төлеуге;
- 4) курсантты нысанды және арнайы киім-кешекпен тегін қамтамасыз етуге;
- 5) нормативтік актілермен белгіленген оқу жағдайларын жасауға және курсантты қажетті жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етуге;
- 6) курсантты медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етуге;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда курсантқа қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты келтірілген зиянды өтеуге;
- 8) курсанттың оқу кезеңдерін растайтын құжаттарды мемлекеттік мұрағатқа тапсыруға;

9) әскери билетін (тіркеу куәлігін), сондай-ақ еңбек кітапшасын сақтауды қамтамасыз етуге және оған қажетті жазбалар енгізуге;

10) курсанттың жеке ісіне оның оқуына жұмсалған шығын туралы анықтаманы тіркеуге;

11) аумақтық полиция департаменттерінің, Көліктегі полиция департаментінің, қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің өтінімдеріне сәйкес ішкі істер органдары бөліністеріне курсанттарды бөлу.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 26.10.2020 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Курсант:

1) осы келісімшартты өзгертуге және бұзуға;

2) қауіпсіздік және гигиена талаптарына жауап беретін оқу, тұру және медициналық қамтамасыз ету шарттарына;

3) қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты денсаулығына келтірілген зиянның өтелуіне;

4) қолданыстағы заңнамада көзделген кепілдіктер мен өтемақыларды алуға;

---

(кепілдіктер мен өтемақылардың қосымша түрлерін көрсету)

5) егер ол оқуды үздік бітірсе, аумақтық полиция департаменттерінде, Көліктегі полиция департаментінде, қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінде қызмет орнын таңдауға құқылы.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 26.10.2020 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Курсант:

1) осы келісімшартта көрсетілген мамандық мен мамандану бойынша кәсіби қызметтің барлық түрлерін дұрыс меңгеруге;

2) қызметтік тәртіпті сақтауға;

3) білім беру ұйымының мүлкін күтіп ұстауға;

4) еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі қағидалары мен санитарлық-гигиеналық нормалардың талаптарын орындауға;

5) оның лауазымына сәйкес өзіне сеніп тапсырылған қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламауға;

6) туындаған адамдардың өмірі мен денсаулығына, білім беру ұйымы мен білім алушылар мүліктерінің сақталуына қауіп төндірген жағдайлар туралы хабарлауға;

7) оқуға қабылдау кезінде кадр қызметіне еңбек кітапшасын, әскери билетін (олар болған кезде) және басқа да жеке құжаттарын ұсынуға;



8) отбасы жағдайы өзгерген, оны немесе жақын туыстарын қылмыстық жауапкершілікке тарқан, олардың біреуі шетелге тұрақты тұруға кеткен жағдайларда бұл туралы үш күн мерзім ішінде баянат арқылы тікелей бастығына баяндауға;

9) ішкі істер органдарының тиісті бөлінісінде кемінде 5 жыл қызмет өткеруге және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі білім беру ұйымдарының бітірушілерін бөлу хаттамасына сәйкес бөлінген жерге 5 жұмыс күні ішінде келуге;

10) үлгермеушілігі, тәртіпсіздігі, өз еркі бойынша оқудан шығарылған жағдайда, сондай-ақ "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша келісімшартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда оқуға, стипендия төлеуге, оның оқу кезеңінде тамақтануына, заттай жабдықтылығына және каникулдық демалыс кезеңінде оқу орнына және кері жолақы шығыстарына жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке қайтаруға міндетті. Ұстауға жататын сома білім беру ұйымында болған әрбір толық айға барабар есептеледі;

11) оқу орнын бітіргеннен кейін құқық қорғау органдарында қызмет өткеруден бас тартқан жағдайда, сондай-ақ "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабы 1-тармағының 5), 6), 8), 9), 11), 12), 12-1), 13), 14), 15), 16) және 17) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмыстан босатылған жағдайда бес жыл өткенге не келісімшартты мерзімінен бұрын бұзғанға дейін стипендия төледі, оның оқу кезеңінде тамақтануына, заттай жабдықтылығына және каникулдық демалыс кезеңінде оқу орнына бару және кері жолақы шығыстарын қоса алғанда, оқуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке қайтаруға міндетті. Ұстауға жататын сома білім беру ұйымында болған әрбір толық айға барабар есептеледі.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 10.07.2023 № 558 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Келісімшарт тараптардың келісімі немесе тараптардың бірінің бастамасы бойынша, сондай-ақ келісімшарт талаптары бұзылған жағдайда бұзылады. Келісімшартты бұзу туралы куәландыратын құжат ІІМ білім беру ұйымының бұйрығы болып табылады.

Келісімшарт "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабы 1-тармағының 12), 12-1), 13), 14), 15), 16) және 17) тармақшаларын қоспағанда, тараптардың бірінің бастамасы бойынша екінші тараптың оны бұзғаны туралы жазбаша хабарлаған күнінен бастап 30 жұмыс күні өткеннен кейін бұзылады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 10.07.2023 № 558 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Осы Келісімшарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімдері бойынша өзгеруі және толықтырылуы мүмкін.

8. Келісімшарт 2 данада жасалады, олардың біреуі курсанттың жеке ісінде сақталады.

Осы келісімшартқа \_\_\_\_\_  
(курсанттың оқу орнына тапсырған жеке құжаттарының тізбесі)

\_\_\_\_\_ қоса беріледі.

9. Осы Келісімшарт тараптар өз міндеттерін толық орындағаннан кейін күшін жойяды.

10. Осы Келісімшарттың тараптары арасында оның шарттарын орындау бойынша туындаған даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

11. Осы Келісімшартпен көзделген шарттарды орындамауы және оларды тиісті орындалмағаны үшін, тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Курсант: ПМ білім беру ұйымы:

\_\_\_\_\_ Банктік деректемелер:  
(курсанттың немесе оның заңды ЖСК \_\_\_\_\_  
өкілінің тегі, аты, әкесінің БЖК \_\_\_\_\_  
аты (болған кезде)) БСН \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 16 код \_\_\_\_\_

Жеке басын куәландыратын құжаттың Бастық:

№ \_\_\_\_\_

ЖСН \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты

Мекенжайы \_\_\_\_\_ (болған кезде))

\_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_ М.О.

Электрондық поштасы \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Білім беру ұйымының жарғысымен, білім беру қызметін жүргізуге

құқық беретін лицензиямен, Ішкі тәртіптеме қағидаларымен, осы

Келісімшартпен таныстым \_\_\_\_\_

(қолы)

Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрлігінің білім беру ұйымдарына,  
оқу  
ақысын бюджет каражаты есебінен  
төлей  
отырып, Қазақстан Республикасы Ішкі  
істер  
министрлігінің жолдамасы бойынша  
шет

мемлекеттердің құқық қорғау  
органдарының  
жоғары білім беретін кәсіптік оқу  
бағдарламаларын іске асыратын білім  
беру  
ұйымдарына түсетін адамдармен  
келісімшарт  
жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және  
тоқтату  
тәртібі туралы қағидаларға  
2-қосымша

НЫСАН

## КЕЛІСІМШАРТ

\_\_\_\_\_ қ. 20\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(ИМ білім беру ұйымының атауы)

\_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша орналасқан  
\_\_\_\_\_ (20\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ "  
\_\_\_\_\_ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі берген  
№ \_\_\_\_\_ сериясы \_\_\_\_\_ лицензия) Жарғы негізінде  
әрекет ететін, одан әрі "ИМ жоғары оқу орны" деп аталатын

\_\_\_\_\_  
бір тараптан және бұдан әрі магистрант/PhD докторант" деп аталатын  
қызметкер

\_\_\_\_\_ және  
(арнаулы атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін, бұдан әрі  
"Тапсырыс беруші" деп аталатын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(ИМ, аумақтық ПО, ИМ білім беру ұйымының атауы)

\_\_\_\_\_ атынан, екінші  
тараптан \_\_\_\_\_ магистранттың/докторанттың  
(арнаулы атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде),  
мүддесінде, төмендегілер туралы осы келісімшартты жасасты:

### 1. Келісімшарттың мәні

1. ИМ білім беру ұйымы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша магистрантты/PhD докторантын күндізгі оқыту нысаны бойынша жоғары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытуды ұйымдастыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне алады.

---

(білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Оқу мерзімі: \_\_\_\_\_

---

(білім беру ұйымында оқыған аралықты көрсету)

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 26.10.2020 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2. Тараптардың құқықтары және міндеттері**

### **2. ПМ-нің білім беру ұйымы:**

1) мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес магистрантты/PhD докторантын конкурстың қорытындылары бойынша қабылдауға;

2) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқытуды қамтамасыз етуге;

3) магистрантқа/PhD докторантына оқуға жіберілгенге дейін атқарған соңғы штаттық лауазымы (уақытша атқарған емес) бойынша лауазымдық жалақысының жетпіс пайызы мөлшерінде ай сайын лауазымдық жалақы төлеуге міндетті.

### **3. ПМ-нің білім беру ұйымы:**

1) магистранттан/PhD докторантын осы Келісімшартқа, ПМ білім беру ұйымының ішкі тәртіптеме қағидаларына және Жарғысына сәйкес міндеттерін адал және тиісінше орындауды талап етуге;

2) магистрантқа/PhD докторантына оқу және жеке жоспарды орындамағаны ПМ білім беру ұйымының, ішкі тәртіптеме қағидаларын және Жарғысын бұзғаны үшін оқудан шығаруға дейінгі тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға;

3) магистранттың/PhD докторантын оқу жетістіктерін тексеру мақсатында ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау нысанын белгілеуге құқылы.

### **4. Магистрант/PhD докторанты:**

1) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары көлемінде білімді, машықтар мен практикалық дағдыларды меңгеруге;

2) ПМ білім беру ұйымы басшысының бұйрықтары мен өкімдерін, Жарғы мен ішкі тәртіптеме қағидаларын және осы Келісімшарттың талаптарын сақтауға және орындауға;

3) отбасылық жағдайы, тұрғылықты орны, телефоны өзгерген кезде ол туралы жоғарыда көрсетілген мән-жайлар туындаған басталған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

### **5. Магистратурада/PhD докторантурасын білім алу кезеңінде:**

1) мынадай бөлімдерді:

жеке оқу жоспарын;

ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысын (тақырыбы, зерттеу бағыты, есептілік мерзімі және нысаны);

практиканы (бағдарлама, база, есептілік мерзімі және нысаны);

негіздемесі мен құрылымы бар магистрлік/PhD докторлық диссертацияларының тақырыптарын;

магистрлік/докторлық диссертацияларды орындау жоспарын;

ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалар жоспарын қамтитын жеке оқу жұмыс жоспарын орындау;

2) білім беру ұйымы белгілеген мерзімдерде жеке жоспардың орындалуы туралы есеп беру;

3) аралық аттестаттаудан өту;

4) магистрлік/докторлық диссертацияларды дайындау;

5) диссертацияны сараптамалық кеңеске ұсыну;

6) магистрант – кешенді емтихан тапсырып, магистрлік диссертацияны (жоба) көпшілік алдында қорғау;

6-1) докторант – оқу орнын бітіргеннен кейін 3 жылдан кешіктірмей докторлық диссертация қорғау. Докторлық диссертацияны қорғамаған Докторант оқу бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң, егер ол міндеттемені тиісінше орындау үшін өзіне тәуелді барлық шараларды қабылдағанын дәлелдесе, өзіне тәуелді емес мән-жайларды қоспағанда, оны оқытуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтейді;

7) оқуды аяқтағаннан кейін оны оқуға жіберген ПМ, аумақтық ПО, ПМ білім беру ұйымында кемінде үш жыл жұмыс істеу талап етіледі.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 10.07.2023 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Магистрант/PhD докторанты:

1) магистратураның/PhD докторантурасының білім беру бағдарламасында көзделген тапсырмаларды орындау мақсатында ПМ білім беру ұйымының материалдық-техникалық жарақтарын пайдалануға;

2) ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлеріне, конференцияларға, симпозиумдарға қатысу, басылымдарға, оның ішінде ПМ білім беру ұйымының басылымдарына өзінің жұмыстарын ұсынуға;

3) жоғары оқу орнынан кейінгі оқу процесін ұйымдастыру мазмұнын, оқыту әдістемесін жетілдіру, оқытушылардың жеке құрамы бойынша ұсыныстарды кез келген түрде (жазбаша, ауызша) енгізуге құқылы.

### **3. Ерекше шарттар**

7. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқып жатқан магистрант/PhD докторанты үшін оқуды аяқтағаннан кейін үш жыл бойы құқық қорғау органдарында жұмыс істеуі міндетті шарт болып табылады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 10.07.2023 № 558 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Тапсырыс беруші магистрантты/PhD докторантын оқытуды аяқтағаннан кейін оқуға жіберілгенге дейінгі лауазымнан төмен емес лауазымға тағайындайды.

9. Магистрант/PhD докторанты оқудан шығарылған жағдайда мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алу құқығынан айырылады.

#### **4. Тараптардың жауапкершілігі**

10. Осы келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес жауапкершілікте болады.

11. Келісімшарттың 7-тармағын орындамағаны үшін магистрант/PhD докторанты өзінің білім алуымен байланысты республикалық бюджет шығындарының орнын толтыруға міндетті.

#### **5. Дауларды шешу тәртібі**

12. Осы Келісімшартты орындау процесінде туындайтын келіспеушіліктер мен дауларда, өзара қолайлы шешімдер әзірлеу мақсатында тікелей тараптар қарайды.

13. Тараптар арасында келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер әзірлеу жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

#### **6. Келісімшарттың қолданыс мерзімі, талаптарды өзгерту және оны бұзу тәртібі**

14. Осы Келісімшарт оған тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және тараптар өз міндеттемелерін толық орындағаннан кейін өзінің күшін жояды.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 10.07.2023 № 558 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Осы Келісімшарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімдері бойынша өзгеруі және толықтырылуы мүмкін.

16. Осы Келісімшарттың бірдей заңды күшке ие 3 данада қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады және бір данадан білім беру ұйымдарына, магистрантқа/PhD докторантына және тапсырыс берушіге беріледі.

ПМ/аумақтық ПО/ПМ білім беру ұйымы:	ПМ білім беру ұйымы:

е/ш \_\_\_\_\_  
БЖК \_\_\_\_\_  
БСН \_\_\_\_\_  
Мекенжайы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ бастығы

Банктік деректемелер:  
ЖСК \_\_\_\_\_  
БЖК \_\_\_\_\_  
БСН \_\_\_\_\_  
16-код \_\_\_\_\_

**Магистрант/докторант:**

Т.А.Ә (болған кезде). \_\_\_\_\_

Жеке куәлітің № \_\_\_\_\_

ЖСН \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық поштасы \_\_\_\_\_

Магистрант/докторант

Білім беру ұйымының жарғысымен, білім беру қызметін жүргізуге  
құқық беретін лицензиямен, Ішкі тәртіптеме қағидаларымен, осы  
Келісімшартпен таныстым

(магистранттың/докторанттың қолы)

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігінің білім  
беру ұйымдарына, оқу ақысын  
бюджет қаражаты есебінен  
төлей отырып,  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігінің  
жолдамасы бойынша шет  
мемлекеттердің құқық қорғау  
органдарының жоғары білім  
беретін кәсіптік оқу  
бағдарламаларын іске  
асыратын білім беру  
ұйымдарына түсетін адамдармен  
келісімшарт жасасу, ұзарту,  
өзгерту, бұзу және тоқтату  
тәртібі туралы қағидаларға  
3-қосымша

НЫСАН

**КЕЛІСІМШАРТ**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 26.10.2020 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нұр-Сұлтан қаласы. 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Бұдан әрі "ІІМ" деп аталатын, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ №\_\_ бұйрығы негізінде әрекет ететін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі атынан

бір тараптан және бұдан әрі "Қызметкер" деп аталатын, шет елге оқуға жіберілетін \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), лауазымы, арнаулы атағы)  
екінші тараптан, ал бірге "Тараптар" деп аталатын төмендегілер туралы осы Келісімшартты жасады:

## 1. Келісімшарттың мәні

1. ІІМ қызметкерді \_\_\_\_\_

(ел, қала, оқу орны)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ дейінгі кезеңде оқуға жібереді.

## 2. Тараптардың құқықтары

2. ІІМ:

1) Қызметкер осы Келісімшарттың талаптарының біреуін бұзуға жол берген жағдайда, сондай-ақ қызметтік қажеттілік туындаған барлық жағдайларда оны мерзімінен бұрын шақыртып алуға;

2) "Құқық қорғау қызметі туралы" Заңға сәйкес қызметкерден мынадай жағдайларда:

оқуын жалғастырудан бас тартқан;

шет мемлекетің заңнамасында көзделген елде болу және оқу орнының ішкі тәртіптеме қағидаларын бұзған;

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан;



ішкі істер органдарындағы қызметтен босатылған жағдайларда қызметкерді шетелде оқыту республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылған кезде оның шет елде оқуымен және жол жүруімен байланысты Қазақстан Республикасы ІІМ жұмсаған барлық шығындарды "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өндіру бойынша шаралар қабылдауға құқылы.

### 3. Қызметкер:

#### 1) Оқуын мынадай негіздер бойынша:

қызметкер оқитын елдің тиісті құжаттарымен расталған жағдайда Қызметкердің өзінің ауруына байланысты;

растайтын құжаттар болған жағдайда Қызметкердің жақын туыстарының немесе оның асырауындағы адамдардың ауруы немесе қайтыс болуына байланысты мерзімі аяқталғанға дейін уақытша тоқтатуға немесе бұзуға;

2) ІІМ алдында осы келісімшарттың мерзімін ұзарту туралы, сондай-ақ ақшалай қаражатты мемлекет кірісіне қайтару мерзімін ұзарту туралы өтініш білдіруге құқылы.

### 3. Тараптардың міндеттері

#### 4. ІІМ:

1) оқыту республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылған жағдайда қызметкерді жоғарыда көрсетілген оқу орнында 20 \_\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ мен 20 \_\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ аралығында оқытуды ұйымдастыруға не оқыту Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер арқылы қаржыландырылған жағдайда оқуға жіберуді ұйымдастыруға;

2) жоғарыда көрсетілген оқу орнындағы қызметкерді оқыту, оның тұру, тамақтану, ай сайынғы стипендиясын толық төлеуді ұйымдастыру (қызметкерді жеңілдік және өтеусіз негіздегі оқытудың жағдайларынан басқа), сонымен қатар білім беру мекемесіне (оқыту орнына дейін), жазғы каникулдық демалысты өткізу орнына және қайта оқыту орнына жолданғанда автокөліктегі, теміржолдағы және ондайлар болмаған кезде немесе экономикалық нәтижелі жағдайда – көрсетілген жол жүру құжаттарының негізінде (көлік билеті және отырғызу талоны, автобуспен жүрген уақытта тек көлік билеті), экономикалық класс тарифімен әуе көлігінің құны төленсін;

3) шет елде оқуын аяқтағаннан кейін Қызметкерді алған мамандығына сәйкес лауазымға тағайындауға;

4) шет елде оқу кезеңінде Қызметкер қайтыс болған жағдайда ІІМ қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының аумағында оның денесін жерлеуді ұйымдастыруға міндеттенеді. Жақын туысқандары Қазақстан Республикасынан тыс жерде жерлеу орнын белгілеген жағдайда ІІМ Қызметкердің денесін Қазақстан Республикасының аумағына жеткізуді төлейді.

### 5. Қызметкер:

#### 1) өзі оқитын шетелдік оқу орны қоятын талаптарды орындауға;

- 2) оқу орнының бағдарламасында көзделген білім мен кәсіби дағдыларды меңгеруге ;
- 3) демалыс орнына келген соң және кері қайтқаннан кейін бір ай ішінде жол жүру құжаттарын ПМ-ге ұсынуға;
- 4) оқуды тоқтату қажеттілігі туралы ПМ-ге уақтылы хабарлауға;
- 5) оқуын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасына қайтып келуге және құқық қорғау органдарында оқуын аяқтаған сәттен бастап кемінде бес жыл қызмет етуге міндеттенеді. Осы міндеттемені орындамаған жағдайда Қызметкер "Құқық қорғау қызметі туралы" Заңға сәйкес қайта еспетеуді ескере отырып, оқуға жұмсалған қаржылай қаражатты толық көлемде ПМ-ге қайтарады.

6) Қызметкер осы Келісімшарттың 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда оқудан шығарылған сәттен бастап бір жыл ішінде оның шет елде оқуына жұмсалған қаржылай қаражатты (оқу орнына бару және кері қайту билеттерінің құнын, оқуына, тамақтануына, тұруына, заттай үлесіне, демалыс кезеңіндегі жолақысын, медициналық сақтандыруға, стипендияға, оқу әдебиеттері мен Қызметкерді шет елде ұстауды растайтын басқа да шығыстарды) қайтаруға міндеттенеді.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 10.07.2023 № 558 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4. Тараптардың жауапкершілігі**

6. Осы келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жауапкершілікте болады.

#### **5. Келісімшарттың қолдану мерзімі**

7. Келісімшарт Қызметкердің оқу кезеңіне жасалады және Тараптар осы Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

8. Тараптардың жазбаша келісімі бойынша Келісімшарт мерзімінен бұрын бұзылады немесе өзгертіледі, сондай-ақ екінші тарап Келісімшарттың талаптарын бұзған жағдайда, бір тараптың бастамасы бойынша бұзылады.

9. Осы Келісімшартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Келісімшарт ұзартуға жатпайды.

#### **6. Келісімшарт бойынша тараптардың жауапкершілігін болдырмайтын мән-жайлар**

10. Егер орындалмауы еңсерілмейтін күш әрекетінің (форс-мажорлық мән-жайлар) салдарынан, яғни: Қызметкердің қайтыс болуы, су басу, өрт, жер сілкінісі, басқа да дүлдей зілзалалар, сондай-ақ соғыс, әскери іс-қимыл, бүлік, блокада, заңнамада немесе

атқарушы билік органдары белгілеген актілер немесе шектеулер, жарияланған немесе жарияланбаған ереуілдер немесе Тараптардың бақылауынан тыс Келісімшарт жасалғаннан кейін туындаған басқа да кез келген мән-жайларда осы келісімшарт бойынша кез келген міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін тараптардың ешқайсысы жауапкершілікте болмайды.

11. Міндеттемелерін орындауға еңсерілмейтін күштің мән-жайлары кедергі жасаған Тарап жазбаша түрде (факсимильдік байланыспен, телеграммамен) олар аяқталған сәттен бастап 24 сағат ішінде бұл туралы екінші тарапқа хабарлауға міндетті. Форс-мажорлық мән-жайлар қолданылуы аяқталғаннан кейін тараптар үш күн ішінде бір-біріне хабарлайды, әйтпесе Тараптар залалдың орнын толтырудан босатылмайды.

12. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі 11-тармақта көрсетілген форс-мажорлық жағдайлардың қолданылу мерзіміне және оның салдарына шамалас ұзартылады.

## 7. Дауларды қарау

13. Осы келісімшартта көзделген міндеттемелерді орындау барысында туындаған кез келген даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі. Жойылмайтын қарама-қайшылықтар туындаған жағдайда соңғы шешімді Қазақстан Республикасының соты қабылдайды.

## 8. Өзге де шарттар

14. Осы келісімшарт Қызметкердің кінәсінен бұзылған жағдайда келтірген материалдық залалдың орнын толтыру осы Келісімшарттың міндетті шарты болып табылады.

15. Келісімшарт екі данада, әр тарап үшін бір данадан жасалған, екі данасы да ұқсас және бірдей заңды күші бар, екі тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

## 9. Қорытынды ережелер

16. Осы Келісімшарттың ережелері Тараптар жасаған өзге келісім-шарттар бойынша тараптардың міндеттемелерін қозғамайды.

## 10. Тараптардың деректемелері

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Тәуелсіздік көшесі, 1  
Тел. 8-7172 \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)

\_\_\_\_\_  
мекенжайы

\_\_\_\_\_  
лауазымы

\_\_\_\_\_  
телефон

БИК ККМФКZ2A  
ИИК KZ92070101KSN0000000  
БИН 960340000514  
Банк: "Қазақстан Республикасы  
Қаржымині Қазынашылық комитеті" ММ

М.О.

\_\_\_\_\_

қызметтік куәлік

\_\_\_\_\_

жеке куәлік,

\_\_\_\_\_

кім және қашан берді

\_\_\_\_\_

ЖСН

\_\_\_\_\_

(қолы)

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына, оқу ақысын бюджет қаражаты есебінен төлей отырып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына түсетін адамдармен келісімшарт жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату тәртібі туралы қағидаларға 4-қосымша

НЫСАН

## КЕЛІСІМШАРТ

**Ескерту. Қағида 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 10.07.2023 № 558 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

_____ қаласы	20__ жылғы "___" _____
--------------	------------------------

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, атынан \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_, Қазақстан

Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығы негізінде әрекет ететін № \_\_\_\_\_  
, "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылдан бастап бұдан

әрі "ІІМ" деп аталатын, бір жағынан және тұлға \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_, (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),

лауазымы арнаулы атағы) шет мемлекетке оқуға жіберілетін, бұдан әрі " қызметкер "  
деп аталатын,

ал бірге" Тараптар " деп аталатындар төмендегілер туралы осы Келісімшартты жасасты:

## 1-тарау. Келісімшарттың мәні

1. ПМ қызметкерді

---

---

(ел, қала, оқу орны)

жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасы бойынша күндізгі/сырттай оқу

нысаны бойынша

---

(білім беру бағдарламасының коды және атауы) оқуға жібереді

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ дейінгі кезеңге дейін.

Оқу мерзімі: \_\_\_\_\_

(білім беру ұйымында оқу мерзімі көрсетіледі)

## 2-тарау. Тараптардың құқықтары

2. ПМ құқығы бар:

1) қызметкер осы Келісімшарт талаптарының бірін бұзуға жол берген жағдайда, сондай-ақ қызметтік қажеттілік туындаған барлық жағдайларда қызметкерді мерзімінен бұрын кері қайтарып алуға;

2) "Құқық қорғау қызметі туралы" Заңға сәйкес, қызметкердің шет елде оқуын республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру шартымен оны шет елде оқытуға және жол жүруіне байланысты ПМ шеккен барлық шығындарды қызметкерден мынадай жағдайларда өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдауға:

оқуды жалғастырудан бас тарту;

шетел мемлекетінің заңнамасында қарастырылған оқу орнының ішкі тәртібі мен болу ережелерін бұзу;

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу;

ішкі істер органдарынан шығару.

3. Қызметкердің құқығы бар:

1) оқу мерзімі аяқталғанға дейін мына негіздер бойынша осы Келісімшартты уақытша үзуге не бұзуға:

қызметкер оқытылып жатқан елдің тиісті құжаттарымен расталған қызметкердің өзінің ауруына байланысты;

растайтын құжаттары болған кезде қызметкердің жақын туыстарының не оның асырауындағы адамдардың науқастануына немесе қайтыс болуына байланысты;

2) ПМ алдында осы келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы, сондай-ақ қаржы қаражатын мемлекет кірісіне өтеу мерзімін ұзарту жөнінде өтініш жасауға.

### 3-тарау. Тараптардың міндеттері

#### 4. ПМ міндеттенеді:

1) оқыту республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылған жағдайда қызметкерді жоғарыда көрсетілген оқу орнында 20 \_\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ мен 20 \_\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ аралығында оқытуды ұйымдастыруға не оқыту Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер арқылы қаржыландырылған жағдайда оқуға жіберуді ұйымдастыруға;

2) жоғарыда көрсетілген оқу орнында қызметкердің оқу, тұру, тамақтану құнын, ай сайынғы стипендиясын толық төлеуді ұйымдастыруға (қызметкерді жеңілдікті және өтеусіз негізде оқыту жағдайларын қоспағанда), сондай-ақ автомобиль, темір жол және олар болмаған жағдайда немесе экономикалық тиімділік кезінде жол жүру құнын төлеу – әуе көлігімен, экономикалық сынып тарифі бойынша оқу орындарына (оқу орнына дейін), жазғы каникулдық демалысты өткізу орнына және кері оқу орнына жіберген кезде ұсынылған жол жүру құжаттарының (жол жүру билеті және отырғызу талоны, автобуспен жол жүру бойынша тек жол жүру билеті) негізінде құны төлеуге;

3) қызметкерді шет елдегі оқуын аяқтағаннан кейін оқуға жіберілгенге дейін атқаратын лауазымынан төмен емес лауазымға тағайындауға;

#### 5. Қызметкер міндеттенеді:

1) білім алушы шет елдің оқу орны ұсынатын талаптарды орындауға;

2) оқу орнының бағдарламасында көзделген білім мен кәсіби дағдыларды меңгеруге

:

3) магистрлік/кандидаттық/докторлық диссертация дайындау;

4) қорытынды аттестаттаудан өту: кешенді емтихан тапсыру, магистрлік/кандидаттық/докторлық диссертацияны көпшілік алдында қорғау;

5) демалыс орнына келгеннен және кері қайтқаннан кейін бір ай ішінде ПМ-ге жол жүру құжаттарын ұсынуға;

6) оқуды тоқтату қажеттілігі туралы ПМ-ге уақтылы хабарлауға;

7) оқуды аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасына қайтып оралуға және оқуды аяқтаған кезден бастап құқық қорғау органдарында кемінде үш жыл жұмысты өтеуге. Осы міндеттеме орындалмаған жағдайда қызметкер "Құқық қорғау қызметі туралы" Заңға сәйкес қайта есептеуді ескере отырып, ПМ-ге оқуға жұмсалған қаржы қаражатын толық көлемде өтеуге;

8) Қызметкер осы Келісімшарттың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда оқудан шығарылған сәттен бастап бір жыл ішінде оның шет елде оқуына жұмсалған қаржылай қаражатты (оқу орнына бару және кері қайту билеттерінің құнын, оқуына, тамақтануына, тұруына, заттай үлесіне, демалыс кезеңіндегі жолақысын,

медициналық сақтандыруға, стипендияға, оқу әдебиеттері мен Қызметкерді шет елде ұстауды растайтын басқа да шығыстарды) және қабылдаушы Тарап белгілеген квоталар бойынша жеңілдікті немесе өтеусіз негізде оны шетелде оқытуға жұмсалған қаржы қаражаты (оқу орнына дейінгі және кері қайту билеттерінің құны, демалыс кезеңіндегі жол жүру, медициналық сақтандыру, тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақшалай өтемақы төлеу және басқа да шығыстар) қайтаруға.

#### **4-тарау. Тараптардың жауапкершілігі**

6. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жауапты болады.

#### **5-тарау. Келісімшарттың қолданылу мерзімі**

7. Келісімшарт Қызметкердің оқу кезеңіне жасалады және Тараптар осы Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

8. Келісімшарт Тараптардың бірінің бастамасы бойынша, келісімшарт талаптарын екінші Тарап бұзған жағдайда, тараптардың жазбаша келісімі бойынша мерзімінен бұрын бұзылады немесе өзгереді.

9. Осы Келісімшартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Келісімшарт ұзартылуға жатпайды.

#### **6-тарау. Келісімшарт бойынша тараптардың жауапкершілігін болдырмайтын мән-жайлар**

10. Осы келісімшарт бойынша кез келген міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер орындалмауы еңсерілмейтін күш әрекетінің (форс-мажорлық мән-жайлар) салдарынан, яғни: Қызметкердің қайтыс болуы, су басу, өрт, жер сілкінісі, басқа да дүлдей зілзалалар, сондай-ақ соғыс, әскери іс-қимыл, бүлік, блокада, заңнамада немесе атқарушы билік органдары белгілеген актілер немесе шектеулер, жарияланған немесе жарияланбаған ереуілдер немесе Тараптардың бақылауынан тыс Келісімшарт жасалғаннан кейін туындаған басқа да кез келген мән-жайларда тараптардың ешқайсысы жауапкершілікте болмайды.

Міндеттемелерін орындауға еңсерілмейтін күштің мән-жайлары кедергі жасаған Тарап олар аяқталған сәттен бастап 24 сағат ішінде бұл туралы екінші тарапқа жазбаша түрде (факсимильдік байланыспен, телеграммамен) хабарлауға міндетті. Форс-мажорлық мән-жайлардың аяқталғаннан кейін тараптар үш күн ішінде бір-біріне хабарлайды, әйтпесе Тараптар залалдың орнын толтырудан босатылмайды.

11. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі 10-тармақта көрсетілген форс-мажорлық жағдайлардың қолданылу мерзіміне және оның салдарына шамалас ұзартылады.

## 7-тарау. Дауларды қарау

12. Осы келісімшартта көзделген міндеттемелерді орындау барысында туындайтын кез келген даулар келісу келіссөздерін жүргізу арқылы шешіледі. Жойылмайтын қайшылықтар туындаған жағдайда түпкілікті шешімді Қазақстан Республикасының соты қабылдайды.

## 8-тарау. Өзге де шарттар

13. Қызметкердің кінәсінен осы келісімшарт бұзылған жағдайда келтірілген материалдық залалды өтеу осы келісімшарттың міндетті шарты болып табылады.

14. Келісімшарт екі данада, әр тарап үшін бір данадан жасалған, екі данасы да ұқсас және бірдей заңды күші бар, екі тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

## 9-тарау. Қорытынды ережелер

15. Осы Келісімшарттың ережелері Тараптармен жасалатын өзге де келісімшарттар бойынша тараптардың міндеттерін қозғамайды.

## 10-тарау. Тараптардың деректемелері

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мекен-жайы _____, Тел. _____ БИК _____ ИИК _____ БИН _____ Банк: _____ М.О.	Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) _____
	мекенжайы _____
	лауазымы _____
	телефон _____
	қызметтік куәлігі _____
	_____
	жеке куәлігі _____
	кім және қашан берілді _____
	_____
	ЖСН _____ (қолы)

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2016 жылғы 13 мамырдағы  
№ 500 бұйрығына  
2-қосымша

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің күші жойылды деп танылатын бұйрықтарының тізбесі

1) "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығының 1-тармағы 12) және 13) тармақшаларының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7032 болып



тіркелген, "Казахстанская правда" газетінің 2011 жылғы 20 тамыздағы № 265-266 (26686-26687) сандарында, 2011 жылғы 30 қарашадағы № 31 Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 220 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8442 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінің 2013 жылғы 7 тамыздағы № 246 (27520) санында жарияланған);

3) "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 521 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8442 болып тіркелген, "Казахстанская правда" газетінің 2013 жылғы 7 тамыздағы № 277 (28216) санында жарияланған);

4) "Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 3 шілдедегі № 398 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9641 болып тіркелген, "Юридическая газета" газетінің 2014 жылғы 26 тамыздағы № 126 (2694) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.